*The article discusses the procedure for concluding transactions using the capabilities of the latest technologies in the German Civil Code, which draws attention to the requirements for the conclusion of electronic transactions and links to the law on electronic digital signature. The regulations and directives of the European Union related to the implementation of electronic business will be studied, and the court decision on the conclusion of a contract by e-mail will be discussed. Some aspects of agreements that are not allowed to be entered in electronic format are taken into account, namely, the termination of the employment contract between the employer and the employee, agreements on the payment of life annuity, the obligation to promise or the obligation to recognize the debt. The author also notes the features of contracts concluded remotely exclusively using communications.*

*The article states that in Germany, the majority of the population monthly order clothes, electronics, household appliances, computers, food, furniture, games and software via the Internet, as well as a place of trade carried out using a mobile phone, and when solving problems, firstly, attention is paid to the possibility of an entrepreneur or consumer to appeal through a special European platform «Online Dispute Resolution».*

*The author comes to the conclusion that in doing business in Germany using the capabilities of the Internet can be a prime example for developing countries.*

Жаңа технологиялардың жылдам дамуы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың күрт өсуіне ықпал етті. Электрондық кәсіпкерлік ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы түрлі бұрын болмаған әрекеттерді жүргізуде бірқатар мүмкіндіктер ашты. Бүкіл әлемде электрондық сауданың қарқынды түрде дамуына байланысты көптеген мемлекеттер құқықтық реттеуді ілгерілету мақсатында цифландыру жөнінде бірқатар құқықтық актілер қабылданып, тәжірибеде жаңадан қалыптасқан ұғымдар пайда болды.

Германия мемлекеті де ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы сауда-саттықты реттеуге байланысты белсенділік танытып, сауда ісін электронды форматқа көшіруде бірінші болып «Цифрлық

қолтаңба туралы» арнайы заңын қабылдады, аталған норма цифрлық қолтаңбалардың заңдық күшіне тікелей араласпағанымен, цифрлық қолтаңбаларды пайдалануда қауіпсіз ақпараттық құрылым қалыптастырды[1]. Бірақ кейіннен Еуропа Одағына мүше елдер ұлттық заңнамаларын еуропалық директивалардың талаптарына сәйкестендіруге байланысты [1, 112 б.] 2001 жылы Германияда электрондық цифрлық қолтаңбаларды біркелкі қолдануына негіз болатын «Электрондық қолтаңбаларды қолданудың жалпы шарттары туралы» заңына ауыстырылды, онда электрондық қолтаңбалардың заңдық күшін мойындау, электрондық қолтаңбаларды құру, сондай-ақ сертификаттау бойынша провайдерлер жүйесін құру мәселелері ескерілді [2, 116 б.]. Бұнда электрондық сауданы реттеуге бағытталса да куәландырылған электрондық қолтаңба техникалық және әкімшілік рәсімдер арқылы сәйкестендіру барысында қолтаңба иегерін анықтап, екі тараптың арасында байланыс орнатуына негіз болды. Бірақ Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттері көбінесе бір-бірінің жүйесімен үйлеспейтін электрондық қолтаңба қолдануына байланысты[2] «Электрондық сәйкестендіру және ішкі нарықтағы электрондық транзакциялар туралы» заңы жүзеге асты[3]. Бұл заңда электрондық сәйкестендіруді өзара тануды, цифрлық қолтаңбалардың қолданыстағы базасын жетілдіру қызметтерін ұсынуды көздейді, сәйкесінше, интернет желісінде мәміле жасау барысында екінші тараптың келісімін алу тәртібі жеңілдетіліп, электрондық пошта арқылы немесе сайттағы түймені басу арқылы мәміле жасауға мүмкіндік берді.

Цифрлық электрондық қолтаңбаларды қолдану аясынан басқа электрондық кәсіпкерлікті жүргізуге байланысты Еуропалық Одақтың ескі және жаңа директивалары Еуропа Одағына мүше елдердің заңнамаларымен толық сәйкестендіру жүрмегендіктен [3, 185 б.] 2014 жылдың 13 маусымында 2011/83/ЕС Еуропалық Одақ директивасы күшіне енді. Бұл норманың ең басты мақсаты Еуропа Одағына мүше елдердің заңнамаларына толық үйлестіру жүргізіп, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі қамтылды, атап айтқанда:

- қашықтықтан сату немесе қызмет көрсету ережелері тек ақылы түрде жүргізілген келісімдерге қолданылды, себебі алдыңғы заңның нұсқасында қашықтықтан сауда жүргізу ақысыз болғандықтан нәтижесінде қызметтер мен тауарларды төлеуді көздемейтін электрондық сауда жүргізуде оферта әділетсіз болды;
- цифрландыру бойынша кәсіпкерге тауарлар туралы ақпарат беру міндеттемесі ескерілді, онда кәсіпкердің тиісті техникалық қорғау шараларын қамтамасыз ету және тұтынушы сатып алынған тауарларды әкелінуін қадағалау;
- интернет тұтынушыларын жасырын шығындардан қорғау тәртібі көрсетілді, яғни тараптардың арасында шарт жасалған сәтте толық төлем сомасын көрсету, ал кәсіпкерге себепсіз төлем сомасын көтеруге рұқсат етпеу;
- тұтынушы кез-келген телефонмен мәлімдеу арқылы жасалған келісімшартты бұзу ерекшелігі қарастырылды, бірақ тұтынушы мәміле бойынша алынған тауарды қайтарғандығын кәсіпкерге дәлелдемей, кәсіпкер тұтынушыға төленген сомасын қайтармайды;
- тараптардың белгілі бір ақпарат беру міндеттемесіне қатысты жаңа ережелер енгізілді, онда маңызды ақпараттар техникалық ақаулардың салдарынан енгізілмеген жағдайда электрондық пошта немесе веб портал арқылы хабардар ету[4].

Электрондық қолтаңбаларды реттейтін заң тараптар арасындағы жасалынған мәмілелердегі қолтаңбалардың электронды баламасын ұсынып, электронды түрде жүргізілетін сауда-саттықты жеңілдетіп отыр. Мысалы, 2016 жылы Германиядағы электрондық кәсіпкерліктің жағдайын алсақ, онда тұрғындардың 80%-дан астамы айына кемінде бір рет интернет арқылы тауарларға тапсырыс берді. Ал қаржылық статистикасына сәйкес, виртуалды тұтынушылар, әдеттегідей, бірінші кезекте киімге (11€ млрд), электроника мен тұрмыстық техникаға (8,74€ млрд) және компьютерлерге, ойындар мен бағдарламалық қамтамасыз етуге (шамамен 3,7€ млрд) қаржы жұмсады. Сонымен қатар, электронды түрде сатылым бойынша бұрын жеткілікті дамымаған нарық сегменттерінде - азық-түлікті және халық тұтынатын тауарларды сату шамамен 27%, сондай-ақ жиһаздар мен декоративтік заттарды сату 40,5% артты[5]. Дегенмен электронды түрде жүргізілетін кәсіпкерлікті құқықтық реттеуде жасалынған жұмыстар

---

*[1] German Digital Signature Law (SigG), Final Version, June 13, 1997 // <http://www.kuner.com/historical-materials-on/german-digital-signature-4.html>.*

*[2] Что такое электронные доверительные услуги в ЕС? // <https://blog.liga.net/user/vsidorenko/article/24876>.*

*[3] Regulation (EU) 910/2014 of the European Parliament and of the Council of 23 July 2014 // <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=uriserv%3AOJ.L_.2014.257.01.0073.01.ENG>.*

*[4] Directive 2011/83/EU of the European Parliament and of the Council of 25 October 2011 // <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A32011L0083>.*

*[5] Бум электронной коммерции в Германии // <https://germania.one/bum-jelektronnoj-kommercii-v-germanii/>.*

Стефан Блутц өз мәресіне жетпеді деген пікірді ұстанады, себебі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қазіргі заманның негізгі үрдісі екендігін ескеріп, Германдықтар әлемде алғашқы болып цифрлық қолтаңба туралы заңын қабылдады және азаматтық құқықтық қатынастарды реттейтін негізгі заңына жаңа технологияларға қатысты өзгерістер енгізді, бірақ құқықтық норманы көпшілікке қол жетімді етіп, электрондық мәміледен туындаған құқықтық қатынастарды шешу мәселесіне мән берілмеген, атап айтқанда, электронды түрде сауда жүргізуге байланысты барлық заңдарды бір ғана заңға біріктіріп, онда барлық мәселелер қарастырылу қажет, мәміле тараптарына ыңғайлы әрі жеңіл қабылдауына септігін тигізеді [4].

Ал енді Германия мемлекетінің Азаматтық заңдар Жинағына (немісше Bürgerliches Gesetzbuch, BGB) келер болсақ, онда соңғы уақыттағы жаңа технологиялардың дамуы көрініс тапқан және электронды байланыстың мүмкіндіктерін пайдалануына аса мән берген. Мысалы, Германдық Азаматтық заңдар Жинағындағы 126-параграф 3-абзацқа сай егер заңда өзгеше көзделмесе, тараптар мәміленің жазбаша нысанын электронды түрге ауыстыруға мүмкіндігі бар. Ал электрондық мәміленің рәсімдеу тәртібі 126а-параграфта көрсетілген, онда егер мәмілені жазбаша нысанда рәсімдеу заңмен белгіленген болса, мәміле жасауға ерік білдірген тұлға өз атынан толықтыруға және электрондық қолтаңба туралы заңға сәйкес электрондық құжатты білікті электрондық цифрлық қолтаңбамен қамтамасыз етуге міндетті. Сондай-ақ 127-параграф 3-абзацта ескерілген негіздер бойынша егер мәміленің электронды түрін сақтау үшін тараптар басқа ерікті қабылдауға ниет білдірмесе, онда 126а-параграфта қарастырылған талаптардан басқа мәміле бойынша көзделген электронды түрін сақтау үшін кез келген электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана алады. Ал шарт жасасу барысында электрондық цифрлық қолтаңбамен қамтамасыз етілген арызбен (оферта және акцепт) алмасу жеткілікті болады. Егер аталған тәртіп таңдалса, онда 126а-параграфқа сай құжатты электрондық цифрлық қолтаңбамен, ал бір тарап үшін мүмкін болмаған жағдайда 126-параграф бойынша дәстүрлі түрде жүргізуді талап етеді [5]. Көрсетілген нормалар интернет желісіндегі электрондық сауда-саттық үшін бастапқы құқықтық негіз болып табылады, онда электрондық мәміле жасауда әсіресе тараптардың еркіне аса мән берілген, яғни тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ерікке басымдық беріп отыр.

Сонымен қатар, электронды түрде жүргізілетін кәсіпкерлік германдықтарға алып келетін пайдасы орасан зор екендігін ескеріп, аталған бағытты одан әрі сапалы дамытуда тараптар арасында жасалынатын электрондық мәміленің маңыздылығы заңнамаға ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен мәміле жасау тәртібі енгізілген. Мысалы, 1215/2012 Европалық Одақ ережесінің 25-параграф 2-абзацқа сай тараптар электронды байланыс құралдарымен хат алмасу арқылы жасалынған келісім жазбаша нысанда жасалды деп есептелді[6], ал 2000/31/ЕС Европалық Одақ директивасының 9-бабына сай Еуропа Одағына мүше елдер мәмілелерді электронды түрде жүргізуге кепілдік берді, онымен қоса Еуропа Одағына мүше елдердің заң талаптары электронды байланыс құралдарымен жасалынатын мәмілелерге кедергісін тигізбеу қажет және электрондық мәмілелердің бұзылуына әкелмеуін қамтамасыз етті[7]. Сондай-ақ Германия мемлекетінде түймені басу (click-wrap) арқылы да жасалған мәмілелер жарамды болып табылады. Тараптар арасында мәміленің жасалғандығын анықтау үшін веб-сайттағы онлайн түрде ұсынылған стандартты шарттарына интернет тұтынушысы «келісемін» түймесін басу арқылы келісетіндігін көрсетеді. Бірақ Еуропа Одағына мүше елдердің ұлттық заңнамаларына сай қолданыстағы ережелердің электрондық мәмілелердің заңды күшіне кедергі келтірмейтіндігіне ерекше назар аударады [6, 114 б.].

Ескеретін жайт, тараптар арасында қағаз жеткізгішке қойылған қолдың электрондық көшірмесі электрондық қолтаңба түрімен шатастыруға болмайды, мысалы, сақталған электрондық құжаттың көшірмесі тек қағаз түрінде басып шығаруға, факс арқылы жіберуге немесе көбейтуге жарайды. Сондай-ақ тараптар арасында мәмілеге электронды қаламмен планшет, ұялы телефон немесе компьютермен электрондық қолтаңбасыз қол қойылған жағдайда электронды түрде жасалды деп есептелмейді, бұнда тек қол қою тәсілі өзгереді.

Германияда электрондық поштамен хат алмасу арқылы мәміле жасау әдетке айнала бастады, бірақ тараптардың арасында ескермеген жағдайлар бойынша көптеген даулардың саны да артып, көпшілігі сотқа жүгініп жатқан кездері де жиі кездеседі. Мысалы, 2018 жылғы 9 қарашасындағы Берлин облыстық сотында қаралған азаматтық істегі

---

*[6] Regulation (EU) 1215/2012 of the European Parliament and of the Council of 12 December 2012 // <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?qid=1587293389670&uri=CELEX:32012R1215>.*

*[7] Directive 2000/31/EC of the European Parliament and of the Council of 8 June 2000 // <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/ALL/?uri=CELEX%3A32000L0031>.*

мән-жайларды ескеретін болсақ, онда пәтердің иесі (жауапкер) электрондық пошта арқылы екінші тарапқа (талапкерге) пәтерді жалға беруге уәделесіп, оған келісімшарттың тиісті көшірмелері жіберілетінін хабарлайды. Екі күннен кейін талапкер электрондық пошта арқылы өзінің серіктесін, нақты кім екендігін көрсетпей, келісімшартқа қосуын сұрайды. Талапкер жауапкердің жазған хатына сеніп, пәтерді алдағы уақытта жалға алатынын болжап, пәтерге қажетті жиһаздар алып қояды. Нәтижесінде тараптар арасында келісімшарт жасалмайды. Соттың келтірген уәжіне сай, алдын-ала келісімшарттың мазмұнында тараптар арасында міндетті түрде туындауы мүмкін мәселелер және негізгі компоненттер нақты және толық қамту қажет, атап айтқанда жалға алу келісімшартын жасалған жағдайда пәтердің нақты орналасқан жері, жалға беру мерзімі, тараптар туралы мәлімет секілді. Бірақ тараптар бір-бірімен электрондық пошта арқылы хат алмасқанымен, талапкер өзінің серігі туралы мәлімет жауапкерге жолдамаған. Осыған байланысты сот жауапкерді пәтерін жалға беруге міндеттейтін негіздердің жоқтығын ескеріп, талапкердің талап арызын қанағаттандырудан бас тартқан[8].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адамзат өмірінің бүкіл саласына белсенді түрде енгеніне қарамастан, тараптардың еркі бойынша электронды түрде жүргізуге кейбір жағдайларда жол берілмейді, онда мәміленің жазбаша нысанын (қағаз жеткізгіште) сақтау қажет болады. Мысалы, Германдық Азаматтық заңдар Жинағындағы 623-параграфта жұмыс беруші мен жұмыскердің арасында еңбек шартын бұзуға немесе тоқтатуға байланысты келісім тек қана жазбаша нысанда (қағаз жеткізгіште) жүргізіледі, ал электронды түрде жасалған жағдайда жарамсыз болып табылады. Сондай-ақ 761, 780-781-параграфтарында ғұмырлық рента төлеу, уәде беру міндеттемесі немесе қарызын мойындау міндеттемесі туралы келісімдер де тек жазбаша түрде жасалынады. [5]. Бұнда Германдық Азаматтық заңдар Жинағында әр құқықтық қатынасқа нақты анықтама бере отырып, жазбаша нысанның қағаз жеткізгіші мен электронды түрі ажыратылғандығын байқауға болады.

Сонымен қатар, Германдық Азаматтық заңдар Жинағының 312b-параграфы қашықтықтан жүргізілетін мәміле жасау ерекшелігі ескерілген, онда тауарларды немесе қызметтерді жеткізуге байланысты тек ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегі арқылы жасалынатын келісімдер, егер қашықтықтан сату немесе қызмет көрсету жүйесінен тыс жасалған болса, қашықтықтан жасалынатын мәмілелер деп танылмайды. Мағынасына сәйкес қаржылық қызметтерге - жеке тұлғаларға несие беру, сақтандыру, қаражат салу немесе төлемдер секілді қызметтер кіреді. Байланыс құралдарына - тұтынушы мен кәсіпкер арасындағы келісімді дайындау немесе жасасу кезінде тараптардың физикалық қатысуынсыз қолданылуы мүмкін байланыс құралдары: хаттар, телефон қоңыраулары, факстар, электрондық пошта, сондай-ақ медиа қызметтер жатқызылады [5].

Германияда өз кәсібін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен тиімді түрде жүргізуді талап ететін бірнеше құқықтық нормалар бар, іс жүзінде оларды қолдану барысында кәсіпкерлерге қарапайым әрі түсінікті болып келеді және тәжірибеде туындаған сұрақтарға ортақ қолданылатын заңдарынан оңай жауап табуға жағдай жасалған. Тағы бір германдықтарға тән ерекшелік, ол интернет саудадан, атап айтқанда «B2C» сегментінен туындаған мәселелерді шешуде көп жағдайда бірден сотқа жүгінбей «Online Dispute Resolution» атты арнайы еуропалық платформасына онлайн тәртібінде кәсіпкердің немесе тұтынушының шағымдану мүмкіндігі қарастырылған. Мысалы, 2017 жылдың 15 ақпаны мен 2018 жылдың 14 ақпаны аралығында аталған платформаға 36000 аса шағым түскен, ал ең көп шағым түсірген елдер қатарында Германия мен Ұлыбритания кіреді[9]. Бұл платформа Еуропалық Одаққа мүше елдерінің интернет тұтынушыларына кәсіпкерлік қызметті жүргізуді қарапайым түрде тез арада мәселелерін шешіп қана қоймай, арнайы платформа арқылы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың сапалы дамуына және кәсіпкер мен тұтынушының өзара іс-қимылының жаңа кезеңіне өткендігін көрсетіп отыр.

Жалпы алғанда Германия тұрғындары үшін қандай да бір мәміле жасау кезінде сатып алушы мен сатушының сенімділігі және қауіпсіздігі ең негізгі құндылық болып табылады, дегенмен де интернет желісінде сауда жүргізерде тауарлардың төмен бағада болуы басым орында екендігін айта кеткен жөн, мысалы, 50 млн-ға жуық германдықтар интернет желісінде сауданы жүзеге асырғанды жөн көреді, олардың көбісі 30 бен 40 жас аралығындағылар. Соңғы жылдары Германи-

---

[8] *Anforderungen an einen per E-Mail abgeschlossenen Vorvertrag (Требования к предварительному договору, заключенному по электронной почте) // <https://www.detmold.ihk.de/hauptnavigation/beraten-und-informieren/recht/aktuelle-gerichtsentscheidungen3/gerichtsentscheidungen-2019-4288774#titleInText6>.*

[9] *Functioning of the European ODR Platform // <https://ec.europa.eu/info/sites/info/files/2nd_report_on_the_functioning_of_the_odr_platform_3.pdf>.*

яда тұрақты дамып, танымалдылығы жылдан жылға артып келетін ұялы телефонмен сауда жасау әдетке айналып келеді, оның бөлшек саудадағы үлесі 38% құрайды, бұл Еуропалық Одаққа мүше елдер қатарында электрондық сауда көшбасшыларының біріне айналдырды[10]. Одан бөлек 2019 жылы «Statista» тұтынушыларының жүргізген сауалнамасына сай ұялы телефонмен жүргізілетін цифрлық төлем индустриясында Германия тұрғындарының 77% Paypal, Amazon Pay, Google Wallet немесе Masterpass секілді компаниялар арқылы жүзеге асырды, бұл германдықтарды цифрлық онлайн төлемдерді қолдануда әлемдегі жетекші ел ретінде көрсетіп отыр[11]. Сондай-ақ, батыс зерттеушісі германдықтардың өздеріне тән қасиеттерін ескереді, онда интернет дүкендерінен сауда жүргізерде өз ана тілдеріне аса мән береді, мысалы, германдық интернет тұтынушылардың 70% аса өз тілінде ұсынылған заттарды сатып алуды қалайды [7, 1105 б.].

Бүгінгі күні Германия мемлекеті мәмілені электронды түрде жүзеге асыру үшін интернет тұтынушыларына айтарлықтай ыңғайлы етіп жағдай жасауда, нәтижесінде германдықтар қашықтықтан сауда-саттық жасау барысында аса белсенділік танытып отыр. Сондай-ақ, Германдық Азаматтық заңдар Жинағында электрондық саудадан туындайтын құқықтық қатынастар арнайы параграфтарда түсінікті, әрі нақты бағыт беретіндей етіп көрсетілген. Ал электронды түрде сауда-саттықты жүргізу барысында кәсіпкер немесе тұтынушының бұзылған құқықтарын қорғау үшін арнайы онлайн платформа арқылы дауды соттан тыс шешу құқығы қарастырылған.

Германия мемлекеті тарапынан кәсіпкерлікті электронды түрде жүргізуге бағытталып отырған саясаты жоспарлы іске асырылғандығы және оны дамыту ісінде жаңа технологияларды қолданудың мәні зор екендігін көрсетеді, онда кәсіпкер мен тұтынушының құқығын қорғау тұрғысынан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ерекше сипаттары ескеріліп, нормативтік-құқықтық базасы жасалынып, электронды түрде жүргізілетін сауда-саттық жоғары бағаланып отыр. Электрондық сауданы реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілердің сапалы қолданылуы Германия мемлекетінің қашықтықтан жұмыс жасайтын кәсіпкерлеріне ішкі және сыртқы нарықта кедергісіз өсуіне ықпалын тигізеді.

Ал заманауи жаңа технологияларды пайдалану арқылы кәсіпкерлікті реттеуге бағытталған құқықтық нормалар бірнеше заңдарда қарастырылса да, тәжірибеде кедергісін тигізбейді. Германдықтардың цифрландыру мақсатында мәмілелерді электронды түрде жүргізуде қол жеткізген нәтижелерін ескере отырып, электрондық кәсіпкерлікті қалыптастырудағы нақты жүйесі дамушы көптеген мемлекеттерге нағыз үлгі ретінде ұсынылады.

## ӘДЕБИЕТ


1. *Рустамбеков И.Р., Мухитдинов Ж.Ф. Правовое регулирование договорных отношений в сети Интернет. - Монография - Ташкент: Ташкентский государственый юридический университет, 2016. - 185 с.*
2. *Дмитрик Н.А. Осуществление субъективных гражданских прав с использованием сети Интернет. – Москва: Волтерс Клувер, 2006. – 200 с.*
3. *Барабаш И. Правила электронной коммерции в Германии // <file:///Users/zhandoszhetibayev/Downloads/DRJV-Sammelband%20zum%20deutschen%20Recht%20in%20russischer%20Sprache,%20Ausgabe%20N%201,%20August%202015%20(1).pdf>.*
4. *Stephen E. Blythe, A critique of the German electronic signature law and recommendations for improvement // http://www.aabri.com/SA12Manuscripts/SA12045.pdf.*
5. *Гражданское уложение Германии: вводный закон к Гражданскому уложению. Кн. 1 / Науч. ред.: Яковлева Т.Ф.; Введ.: Бергманн В. (Сост.). - 4-е изд., - М.: Инфотропик Медиа, 2015. - 888 с.*
6. *Савельев А.И. Электронная коммерция в России и за рубежом: правовое регулирование. — Москва: Статут, 2014. — 543 с.*
7. *Williams S. Overseas customers want to shop online in their native language // <https://www.sitepronews.com/2014/10/21/overseas-customers-want-shop-online-native-language/>.*


## REFERENCES


1. *Rustambekov I.R., Muhitdinov Zh.F. Pravovoe regulirovanie dogovornyh otnoshenij v seti*


[10] *E-commerce in Germany // <https://www.nordeatrade.com/en/explore-new-market/germany/e-commerce>.*
[11] *Digital Payments in Europe to Surpass $802bn Transaction Value This Year // <https://thefintechtimes.com/digital-payments-in-europe-to-surpass-802bn-transaction-value-this-year/>.*

*Internet. - Monografija - Tashkent: Tashkentskij gosudarstvenyj juridicheskij universitet, 2016. - 185 s.*

*2. Dmitrik N.A. Osushhestvlenie sub#ektivnyh grazhdanskih prav s ispol'zovaniem seti Internet. – Moskva: Volters Kluver, 2006. – 200 c.*

*3. Barabash I. Pravila jelektronnoj kommercii v Germanii // <file:///Users/zhandoszhetibayev/Downloads/DRJV-Sammelband%20zum%20deutschen%20Recht%20in%20russischer%20Sprache,%20Ausgabe%20N%201,%20August%202015%20(1).pdf>.*

*4. Stephen E. Blythe, A critique of the German electronic signature law and recommendations for improvement // http://www.aabri.com/SA12Manuscripts/SA12045.pdf.*

*5. Grazhdanskoe ulozhenie Germanii: vvodnyj zakon k Grazhdanskomu ulozheniju. Kn. 1 / Nauch. red.: Jakovleva T.F.; Vved.: Bergmann V. (Sost.). - 4-e izd., - M.: Infotropik Media, 2015. - 888 c.*

*6. Savel'ev A.I. Jelektronnaja kommercija v Rossii i za rubezhom: pravovoe regulirovanie. — Moskva: Statut, 2014. — 543 s.*

*7. Williams S. Overseas sustomers want to shop online in their native language // <https://www.sitepronews.com/2014/10/21/overseas-customers-want-shop-online-native-language/>.*

**УДК 34.05**

# LEGAL REGULATION OF E-GOVERNMENT IN FOREIGN COUNTRIES

**Aituarova Aigerim Mangazdarovna**
*Researcher of the Department of international and comparative law of the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, Master of Laws, Nur-Sultan city, Republic of Kazakhstan; e-mail: aituarova.a@zqai.kz*

***Keywords:*** *E-government, electronic administration, information technology, digitalization, data protection, personal data.*

***Abstract.*** *The article is devoted to the topic of legal regulation of e-government in the most developed countries, and their development trends.*

*Today in the world there is a need for proper management of digitalization of the government, in particular such issues as: provision of an appropriate legal framework, policies and principles of activity; data management and protection; identity management and confidentiality and cybersecurity.*

*The issue of improvement of the national legislation in the field of digitalization is very significant both for the economic and social development of Kazakhstan in the context of the Fourth Industrial Revolution, and for ensuring the protection of human rights and freedoms. One of the goals of the State Program of Digital Kazakhstan is the transition to a digital state. In order to implement the above tasks, there is a need to provide a legislative framework that can ensure the development of the introduction of information technology in all areas of the state and ensuring security for the population at the same time.*

*Thus, the author analyzed various definitions of the term "electronic government" in the works of various authors, identified the main advantages and goals of using electronic government. The features of the formation of «electronic government» as a tool to improve public administration in the Republic of Kazakhstan are considered.*

*Based on the analysis of the experience of foreign countries in the implementation of digitalization in the activities of state bodies, the author presents proposals for the introduction of similar mechanisms in the public administration of the Republic of Kazakhstan.*

*Thus, the author offers the following recommendations: consolidation of national legislation in the field of e-government into a single legal act; the establishment of a body to control and protect information data and to consider complaints of violation of the right to protection of information data; introduction of a civil initiative system for legislative proposals.*